

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілері мен нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 528 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілері мен нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие табиғи монополия субъектілері мен нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының

2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы):

1) 45-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тіркелген бағаларды белгілеу;"

2) 46-баптың бірінші бөлігі "айыппұл салу" деген сөздерден кейін ", тіркелген бағаларды белгілеу" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 48-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "мөлшерімен" деген сөзден кейін "не монополистік қызметті жүзеге асыру кезеңінде алынған табыс (түсім) сомасының процентімен" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Тіркелген бағаларды белгілеу

1. Тіркелген бағаларды белгілеу тиісті тауар нарығындағы үлесі Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заң актісінде белгіленген шекті шамадан асып кететін нарық субъектісі қайтадан асыра пайдаланған және (немесе) бәсекеге қарсы келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) жасағаны үшін осы Кодекстің ерекше бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін аталған нарық субъектісі бір жыл ішінде аталған іс-әрекеттерді жасаған жағдайда қолданылады .

2. Тіркелген бағаларды белгілеу үш жылдан астам мерзімге бағаның белгілі бір шамасын, кірістілік деңгейін және (немесе) тауарлар бағасының жоғарғы (төменгі) шегін белгілеу арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады .

3. Нарық субъектілерінің тауарларына тіркелген бағаларды белгілеу туралы шешімді бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды " ;

5) 69-баптың екінші бөлігі "салық салу" деген сөздерден кейін ", табиғи монополиялар, бәсеке және монополистік қызметті шектеу" деген сөздермен толықтырылсын ;

б) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"147-бап. Нарық субъектілерінің бәсекеге қарсы келісімдері (келісілген іс-әрекеттері), үстем жағдайды теріс пайдалану

1. Нарық субъектілерінің бәсекеге қарсы келісімдері (келісілген іс-әрекеттері), үстем жағдайды теріс пайдалану -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға - монополистік қызметті жүзеге асыру кезеңінде алынған табыстың (түсімнің) бес процентіне дейінгі мөлшерде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Үлесі Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заң актісінде белгіленген шекті шамадан асып кететін нарық субъектісі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасаған, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер, - тіркелген баға белгілеуге әкеп соғады.";

7) мынадай мазмұндағы 147-2, 147-3, 147-4, 147-5-баптармен толықтырылсын: "147-2-бап. Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) және экономикалық шоғырлану кезінде нарық субъектілерінің заңсыз іс-әрекеттері

Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган рұқсатының болуы қажет жағдайда нарық субъектілерінің рұқсатты алмай экономикалық шоғырлануы, келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушы нарық субъектілері келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім негізделген талаптар мен міндеттемелерді орындамауы -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

147-3-бап. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындамау. Ақпарат беру жөніндегі міндеттемелерді бұзу және үй-жай мен аумаққа кіруге кедергі жасау

Шешімді (нұсқаманы) орындамау немесе оны толық көлемде орындамау, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген мерзімде ақпарат бермеу не толық көлемде бермеу, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органға дұрыс емес және (немесе) жалған ақпарат беру, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның тергеу жүргізетін лауазымды адамдарының үй-жай мен аумаққа кіруіне кедергі жасау -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

147-4-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекеге қарсы іс-қимылы, жосықсыз бәсеке

1. Мемлекеттік органдардың бәсекеге қарсы іс-қимылы - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жосықсыз бәсеке -

жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

147-5-бап. Табиғи монополиялар туралы заңнаманы бұзу

Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген шектеулерді сақтамауы, табиғи монополия субъектісінің міндеттерді орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы, сол сияқты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын өзгеше бұзу -

жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің екі жүз елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бір мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

8) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "147 (үшінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын ;

9) 565-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"565-бап. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган

1. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 147, 147-2, 147-3, 147-4-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы." ;

10) мынадай мазмұндағы 565-1-баппен толықтырылсын:

"565-1-бап. Табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган

1. Табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы Кодекстің 147-5-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге

асыратын уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқылы.";

11) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының "монополияға қарсы органның (147 (үшінші бөлігі), 153, 356, 357-3-баптары)" отыз бірінші абзацы алып тасталсын;

12) 638-баптың бірінші бөлігі "дереву" деген сөзден кейін "монополистік қызметті жүзеге асыру кезінде - тергеу немесе тексеру нәтижелері бойынша тиісті шешім қабылданғаннан кейін," деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат, N 3, 22-құжат):

134-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат):

1) 6-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті тауар нарығындағы үлесі Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамалық актісінде белгіленген шекті шамадан асып кететін нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеуді бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады, ал табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады." ;

2) 14-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар субъектілерін қайта тіркеу үшін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі, ал тиісті тауар нарығында үлесі Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамалық актісінде белгіленген шекті шамадан асып кететін нарық субъектілерін қайта тіркеу үшін бәсекелестікті

қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның келісімі
т а л а п е т і л е д і . " ;

3) 16-баптың төртінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті тауар нарығындағы үлесі Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамалық актісінде белгіленген шекті шамадан асып кететін нарық субъектісінің қызметін тоқтатуды тіркеуді тіркеуші орган бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның алдын ала келісімімен, ал табиғи монополия субъектілерінің қызметін тоқтатуды тіркеуді табиғи монополия саласындағы қызметтерді бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.";

4. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205 құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат):

1) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіпорындар монополиялы түрде өткізетін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағаларының көтерілуіне жол бермеу мақсатында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган мұндай бағаларды белгілеудің
т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы . " ;

2) 40-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазыналық кәсіпорындар монополиялы түрде өндіретін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағаларының көтерілуіне жол бермеу мақсатында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган мұндай бағаларды белгілеудің
т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы . " ;

3) 49-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктегі "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі атқарушы органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 57-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат):

19 - баптың 2 - тармағында :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылған жағдайда, борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның он күн ішінде оларға беретін қорытындысы;"

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) борышкер тауар нарығында үстем жағдайға ие нарық субъектісі болып табылған жағдайда, борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі туралы жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап он күн ішінде бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның оларға беретін қорытындысы қоса тіркеледі."

6. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" 1998 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 26-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 26-құжат; N 24, 178-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

18-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "табиғи монополистік кәсіпорындардың қызметін монополияға қарсы реттеуді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Жосықсыз бәсеке туралы" 1998 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 232, 84-құжат; 2000 ж., N 21, 397-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат) :

1) 1-баптың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган - бәсекеге жәрдемдесу мен оны дамыту және жосықсыз бәсекенің алдын алу, оны шектеу және тыю жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

2) 5 - бапта :

4), 7), 8) тармақшалар алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бәсекені жою және шектеу жолымен кәсіпкерлік қызметте негізсіз артықшылықтарды алуға әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер).";

3) 5 - 1 - бапта :

мәтіндегі "монополияға қарсы" деген сөздер "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3-тармақтың екінші абзацында "өтініші" деген сөз "арызы" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4 - тармақта :

бірінші бөліктегі "бағдарламасын" деген сөз "жоспарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Тексеру жүргізу үшін уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жұмыс тобының құрылуы, оның құрамының бекітілуі, жұмыс тобының басшысы мен басшысының орынбасары айқындалуы мүмкін.

Тексерілетін субъект тексеру жүргізу туралы нұсқаманы қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамы және тексерілетін субъектінің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

Тексерілетін субъектінің уәкілетті тұлғасы бас тарту себебінің жазбаша негіздемесін ұсына отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тарта алады.

Тексеру жүргізу туралы нұсқаманы алудан бас тарту тексеруді ауыстыру үшін негіздеме болып табылмайды.";

5-тармақтың бірінші абзацында "бағдарламасы" деген сөз "жоспары" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың үшінші бөлігіндегі "бағдарламасына" деген сөз "жоспарына" деген сөзбен ауыстырылсын;

7 - тармақта :

бірінші бөліктің 3) тармақшасында "Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдарына оны ұсынудан бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Тексеру жүргізуде көмек көрсету үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарының мамандарын, сондай-ақ ғалымдар мен сарапшыларды тартуға құқылы.

Тексеру жүргізетін уәкілетті органның лауазымды адамдарына тексеру нысанасына жатпайтын талаптар қоюға және өтініш білдіруге тыйым салынады.";

4) 7 - бапта :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Уәкілетті органның құзыреті";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган:";

1) тармақшадағы "шекарасы бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінен шығатын" деген сөздер алып тасталсын;

7 - 1 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

8. "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 446-құжат; 1999 ж., N 21, 763-құжат; 2005 ж., N 11, 40-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

10-баптың 7-тармағындағы "монополияға қарсы саясат саласындағы атқарушы биліктің уәкілетті органның" деген сөздер "бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 10, 56-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы):

9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тауарларды (мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер көрсететін жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік реттеу мақсатында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерге баға белгілеудің тәртібін айқындайды."

10. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142, 144-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

27-баптың 1-тармағының 22-б) тармақшасы алып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасындағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

68-баптың 6-тармағының екінші бөлігіндегі "монополияға қарсы заңның нормаларымен және ережелерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 33-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы заңнамаға сәйкес мұнай өнімдерін өндірушілердің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу жөніндегі қызметтеріне, сондай-ақ мұнай өнімдерін өткізуге, сақтауға арналған тарифтерді бекітеді."

13. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 23, 104-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы Заңы):

6 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н .

14. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат; 2006 ж., N 3, 22 - құжат):

26-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті